



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 наурыз Іс №7119-24-00-2/2383

Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

### **ТАЛАП ҚОЮШЫ:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

### **ЖАУАПКЕР:**

"GOODBUILD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

### **ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

### **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

### **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы-қанағаттандырылсын.

"GOODBUILD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"GOODBUILD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.



Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья**

**С.Т.Бертыбаева**

